ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

«ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ» ШЖҚ РМК

# Академик Қасқабасов феномені: ғылыми мектептер, теориялар және тәжірибелер

## ҚР ҰҒА Академигі С.А. Қасқабасовтың 85 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті
М.О Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

# Академик Қасқабасов феномені: ғылыми мектептер, теориялар және тәжірибелер

**ҚР ҰҒА АКАДЕМИГІ С.А.ҚАСҚАБАСОВТЫҢ**
**85 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН**
**халықаралық ғылыми-теориялық конференция**
**материалдары**

Алматы
2025

**УДК 001**
**ББК 72**
**Ж21**

ҚР ҒЖБМ ҒК М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Ғылыми кеңесі ұсынған.

Басылым BR21882298 «Қазақстан әдебиеттануы мен өнертануы әлемдік гуманитарлық білімнің тұжырымдамалық эволюциясы аясында» нысаналы бағдарламасы аясында дайындалды.

Редакциялық алқа: академик **К.С. Матыжанов,** профессор **Б.У. Әзібаева,** филол.ғ.к. **А.Қ. Қалиева,** аға ғылыми қызметкер **Д.С. Жақан**

Құрастырушылар: **Д.С. Жақан, Н. Набиолла, Д.Жылқыбай**

**ISBN 978-601-354-214-0**

**Академик Қасқабасов феномені: ғылыми мектептер, теориялар және тәжірибелер.** ҚР ҰҒА академигі С.А.Қасқабасовтың 85 жылдығына арналған Халықаралық конференция материалдары. – Алматы: «Evo Press», 2025. – 374 б.

Көрнекті фольклортанушы-ғалым, қоғам қайраткері, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Сейіт Асқаруұлы Қасқабасовтың 85 жылдығына арналған жинаққа фольклортанушы, әдебиеттанушы және өнертанушы ғалымдардың гуманитарлық ғылымдар салаларының өзекті мәселелерін қозғаған ғылыми, ғылыми-көпшілік мақалалары енген.

Кітап гуманитарлық ғылымдар мамандарына және халық мұрасына қызығатын көпшілік қауымға арналған.

**ISBN 978-601-354-214-0**

УДК 001
ББК 72

**© М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты**

# ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

# КІРІСПЕ СӨЗ

**Кенжехан Матыжанов,**
М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және
өнер институтының бас директоры,
Филология ғылымдарының докторы
ҚР ҰҒА-ның академигі

## ХАЛЫҚ МҰРАСЫН ҚАСТЕР ТҰТҚАН ҒҰЛАМА

Үстіміздегі жылдың 24 маусымында академик Сейіт Асқаруұлы Қасқабасов 85 жасқа толар еді. Өкінішке орай, сұм ажал сол күнге жеткізбей ортамыздан алып кетті. Енді біздің еншімізге абзал аға жөнінде естелік айту кезегі тиіп отыр. Өмір заңы – осылай, қатал...

Сейіт Асқаруұлымен алғаш 1986 жылдың жазында таныстым. М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының фольклор бөліміне кіші ғылыми қызметкер болып орналасқан сәтте. Оның өзінде де ерекше шартпен. Жұмысқа тұру жөнінде өтініш айта барғанымда фольклор бөлімінің бөлім бастығы, профессор Рахманқұл Бердібаев пен Сейіт Асқаруұлының маған қойған басты талабы – жазып жүрген диссертациялық жұмысымды тастап, фольклортану саласына түбегейлі ауысу. Мен қиналмай келістім. Өйткені ҚазПИ-дің аспирантурасын тәмамдап, диссертациялық жұмысымды дөңгелентіп қалсам да, Алматыдан қолайлы жұмыс таба алмай жүргем. Былайша айтқанда, қызмет таңдайтындай жағдайым жоқ еді. Оның үстіне, «ауыз әдебиеті» бала кезімнен қаныма сіңген, жаныма жақын әлем. Ішімде «оны қалпақпен ұрып алам ғой» деген ұшқары менмендік те болды. Секеңнің алғашқы сұрағының бірі – Жасың қаншада? – болды. «Жиырма тоғыз» деп едім, «қартайып қалыпсың, біз ғылымға жиырма жасымызда келгенбіз», – деді. Жанды жеріме тиді, ауылда өткен жеті жылыма өзім де өкініп жүретінмін. Сөйтіп, әйтеуір. Тезірек жаңа тақырып алып, жеделдете қорғап алсам деген жастық желікпен жұмысқа ілініп кеттім. Сейіт Асқаруұлы әлі ғылым кандидаты, жетекші болу үшін ЖАК-тың арнайы рұқсаты керек. Рахаң аспиранттарының көптігін айтып, ыңғай бермеді.

Ол кісі бірде, Ташкенттен келген бетінде: «Мына қараңдаршы, өзбектер бір бесік жырының өзінен докторлық қорғап жатыр»... деп алдымызға авторефератпен бірге «Өзбек аллалары» деген кітапты дік еткізді. Қарап көрсек, өзбек

# Академик Қасқабасов феномені: ғылыми мектептер, теориялар және тәжірибелер

Басуға 20.06.2025 ж. қол қойылды
Офсеттік басылым. Офсеттік қағаз.
Пішімі 60/90 1/16. Көлемі 23,5 ш.б.т.
Таралымы 70 дана. № 360 тапсырыс

«Evo Press» баспаханасы Алматы қ.,
Макатаев көш., 27/3
Тел.: 8 (727) 329-02-97